

«Жеке тұлға қалыптастырудағы педагогикалық технологиялар: білім мен тәжірибе» тақырыбында шеберлік сағаты

18.04.2024ж. күні Өзбекәлі Жәнібеков орталығында «Жеке тұлға қалыптастырудағы педагогикалық технологиялар: білім мен тәжірибе» тақырыбында Шымкент қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының білікті педагог-шеберлері, ПШО тренерлері қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Керімбаева Айгул, математика пәнінің мұғалімі Кулымбетова Анар, тарих пәнінің мұғалімдері Адеханова Нургул, Отарова Айнур, бастауыш сынып мұғалімі Қарынбаева Жанар білім алушыларға шеберлік сағат өткізді.

Оқу орнымыздың қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау, математика мұғалімін даярлау, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасының студенттері шеберлік сағатқа қатысып, болашақ маман ретінде көптеген мәліметтер мен кеңестер тыңдады.

